

## ТАС МЕЙМАН

### Төрт сахналы драма

#### Кісілері

Дон Жуан — қашқын мырза, 30-да  
Лафарель — оның қызметкері, 35-те

Сопы (Софы) — 55-те

Анна ханым — камандордың қатыны, 25-те

Тас мейман — камандордың суреті

Зәуре — артис қыз, 18-де

Дон Карлос — ақсүйек, сері, 30-да

Үш қонақ

#### І сахна

түн. Мадрид шаһарынын жанындағы мола. Дон Жуан, Лафарель.

Дон Жуан.

Осы арада түнді күтелік.

Уһ, әрен дегенде жеттік-ау,

Мадридтің қақпасына.

Мұртымды желекпен,

Қасымды қалпақпен жауып,

Кешікпей таныс көшелерде сайрап салам.

Мені ешкім тани алмас па, қалай ойлайсың?

Лафарель.

Ия, Дон Жуан деп білу арам болар!

Ол сияқтылар көзбен шоласыз ғой!

Дон Жуан.

Қалжындаймысың?

Мені кім таниды?

Лафарель.

Кім танымайды?

Әлде Титанның алғашқы сақшысы,

Әлде бір есірік қобызшы,

Әлде өзіңдей желек жамылып,

қолтығына қылыш асынған,

Қалпақты, арсыз бозбала.

Дон Жуан.

Таныса қайтеді, тек маған

Корольдің өзі жолықпаса болғаны.

Олай десең, мен Мадридте

тірі жаңнан қорықпаймын.

Лафарель.

Жер ауған Дон Жуан Мадридке қашып келіпті.

Деген хабар ертең-ақ корольге жетеді —

Айтыңызшы, сонда сізге не істейді?

Дон Жуан.

Азар болса, қайта айдар.

Басымды шауып тастамас,

Мен мемлекет жауы емеспін ғой!

Ол мені аяп, өлтірген кісімнің үй іші

Мені тыныш қойсын деп кетірді ғой.

Лафарель.

Солай ма скен!

Кеше, барған жерде неге тыныш жүре бермедіңіз?

Дон Жуан.

Көңгіш достым! Мен онда

Ішім пысып, әрең өлмей қалдым ғой.

Неткен елі, неткен жері, аспаны ше?

Бейне түтін!

Әйелі ше?.. Мен олардың бас шолуына

Андалостың аяқ әйелін де айырбастамас ем.

Алғашқыда олар маған ұнап жүрді,

Көзінің көктігімен, бетінің ақтығымен,

Мүләйім қылығымен — көбінесе жаңалығымен:

Бергеніне шүкір, сырын білдім кешікпей олардың,

Мен жұғысу обал екен, байқасам,

Тірліктен нысап жоқ — қуыршақ өңкей балауыз...

Біздікін айтсаңшы!.. Бер қара, осы араны

Шырамытам, таныдың ба осы жерді?

Лафарель.

Неге танымаймын? Антонның сопыханасы

Есімде бар. Сіз мұнда келуші едіңіз,

Осы орманда атыңызды ұстап мен тұрушем.

Одан жексұрын, шын айтқанда, қызмет бар ма!

Уақытты менен гөрі сіз көңілді өткізуші едіңіз,

Рас қой!

Д о н   Ж у а н   (ойланады).

Аниза бишара!  
Бү күнде ол жоқ! Қандай жақсы көрушем!  
Л а ф а р е л ь.

Қара көз Аниза ма?.. О, о, білем!  
Үш ай соңынан түстіңіз ғой;  
Уадеуі зорға болысты ғой.

Д о н   Ж у а н.

Тамызда... түнде. Оның мұңды көзінен,  
Кезерген ернінен бір түрлі жат ләззет алушы едім.  
Не ғажап екенін білмеймін,  
Сен оны сұлу емес дедің.  
Білем. Анығында шын сұлулық аз еді... көздері  
Бір ғана көздері, көз қарасы...  
Ондай қарасты өмір бойы көргем жоқ! Дауысы  
Дертті адамдікіндей еді.  
Өлімсіреген нәзік еді...  
Ері бір томырық ит екен —  
Мен онысын соң білдім...  
Сорлы Аниза!..

Л а ф а р е л ь.

Қайтесің, одан кейін басқалар да болды.

Д о н   Ж у а н.

Рас.

Л а ф а р е л ь.

Тірі болсақ, тағы да өзгелер табылар.

Д о н   Ж у а н.

Сонда да.

Л а ф а р е л ь.

Енді Мадридте қайсысын іздейміз?

Д о н   Ж у а н.

Ә, Зәурені!  
Мен тура соныкіне қашып келем.

Лафарель.

Іс-ақ.

Дон Жуан.

Тура есігіне жетіп барам; біреу-міреу отырса —  
Терезеңнен түсір деймін.

Лафарель.

Әрине қане, көңілді көтердік білем.  
Өткен әйелдер бізді көп мұңайтпас.  
Бізге келе жатқан кім?

*(Сопы кіреді).*

Сопы.

Қазір мұнда келеді ол.  
Кім бар мұнда? Аннаның адамы емес пе?

Лафарель.

Жоқ, біз өзімізге өзіміз қожамыз.  
Мұнда сейілде жүрміз.

Дон Жуан.

Сіз кімді күтесіз?

Сопы.

Қазір ерінің қабырына  
Анна ханым келмек еді.

Дон Жуан.

Анна ханым  
Де — солбениң?  
Өлтірілген камандордың зайыбы...  
Кім өлтіргені жадымда жоқ...

Сопы.

Бұзылған, әрсіз, ниансыз,  
Дінсіз Дон Жуан өлтірген.

Лафарель.

Оһу! Бәрекедді! Дон Жуанның аты  
Тым-тырыс сопыханаға жетіп қалған.  
Тақуалар да оны мадақтап жырлайды екен.

С о п ы.

Ол әлде сіздерге таныс па?

Л а ф а р е л ь.

Жоқ. Түк таныс емес.  
Бұл күнде ол қайда екен?

С о п ы.

Ол айдауда, алыста.

Л а ф а р е л ь.

Құдая, оныға да шүкір!  
Неғұрлым алыс болғаны жақсы.  
Барлық бұзақыларды  
Бір қапқа салып, дарияға тастар еді.

Д о н    Ж у а н.

Немене, нені соғып барасың?

Л а ф а р е л ь.

Үндемеңіз, мен тек жорта...

Д о н    Ж у а н.

Сүйтіп, камандорды осында көмген деңіз?

С о п ы.

Осында, қатыны басына там тұрғызды,  
Күнде келіп, аруағына дұға оқып, жылап қайтады.

Д о н    Ж у а н.

Не деген жат әйел.

Марқұм тегін қызғаншақ болған жоқ екен,

Анна ханымды кілттеп ұстаушы еді:

Ешқайсымыз да оны көре алмадық.

Теріс емес шығар?

С о п ы.

Біз, тақуалар әйелдің көркіне

Әуейленбеуіміз керек.

Жалған сөйлеу де күнә, оның гажап көркіне

Әулиелер де таласпас.

Д о н    Ж у а н.

Мен ол кісімен сөйлесем бе деп едім.

С о п ы.

Анна ханым еш уақытта еркекпен сөйлеспейді.

Дон Жуан  
Сізбен ше, әкей?

Сопы.

Ол басқа, мен сопы ғой.  
Міне, өзі де келді.

*(Анна ханым кіреді).*

Анна ханым.

Әкей, ашыңыз.

Сопы.

Қазір, ханым, мен сізді күтіп едім.

*(Анна ханым сопының соңынан жүреді).*

Лафарель.

Немене? Қалай көрінеді?

Дон Жуан.

Көре алмадым,  
Қара жамылып, тұмшаланып алыпты,  
Жіп-жіңішке өкшесін ғана көзім шалып қалды.

Лафарель.

Сізге со да жетед. Қалғанын княлыңыз  
Ілезде-ақ сүгіреттеп толтырар;  
Княлыңыз сүгіретшіден де жүйрік.  
Қасынан ба, аяғынан ба, неден?  
Бастасаңыз да сізге бәрібір.

Дон Жуан.

Тыңда, Лафарель.  
Мен онымен танысам.

*(Қырындап).*

Лафарель.

Міне енді!  
Саспайды! Байын өлтіріп салып,  
Енді жесірдің көз жасын жеңсік көрді.  
Арсыз!

Дон Жуан.

Шам да жамырады.

Төбемізге ай көтеріліп, іңір қараңғысын  
Жарық қылғанша, Мадридке кіріп алайық.

Л а ф а р е л ь.

Испанияның шонжары, ұрыдан жаман  
Айдан қорқыл — түн күтетін күн болды  
Ау, тәңірі,  
Қуарған өмір! Осымен бірге  
Қаншаға шейін алданам, әлім де әбден құрыды!

## И с а х н а

Бөлме. Зәуренікінде, кешкі тамақ...

Б і р і н ш і қ о н а қ.

Ант етемін, Зәуре, өмірі сондай  
Тамаша ойнап көрген жоқсың!  
Роліңді қалай дұрыс ұққансын!

Е к і н ш і.

Қалай жеттіктірдің, қандай күшті.

Ү ш і н ш і.

Қандай өнер десейші!

З ә у р е.

Ия, маған бүгін

Әр қозғалыс, әр сөздің сәті түсті,  
Мен шабытыма еркін түсіп кеттім;  
Қорғалақ жадым туғызған жоқ,  
Сөз бейне бір жүрегімнен құйылды...

Б і р і н ш і.

Рас.

Осы күнге шейін көзің жалт-жұлт етеді.  
Бетінде нарттай шаттықтың қызуы.  
Әлі де басылған жоқ. Зәуре, босқа оны суытпа:  
Айтып жіберші, Зәуре, айтшы бірдеме!

З ә у р е.

Гитарымды әперіп жіберіңізші. *(Ән салады).*

Б ә р і.

Ой, пәлі! Пәлі, ғажап! Тамаша!

Б і р і н ш і.

Рахмет, сиқыршым! Сен біздің  
Жүрегімізді елтітесің. Өмірдегі ләззатте,  
Жалғыз махаббатта ғана ән жол береді.  
Бірақ махаббатта — ән... карашы;  
Түнерген қонағың Карлостың да жүйесі  
Босады.

Е к і н ш і.

Неткен үн! Қандай отты жан! Бар ол үнде!  
Бұл кімнің сөзі, Зәуре.  
З ә у р е.

Дон Жуандікі.

Дон Карлос.  
Не дедің? Дон Жуан!

З ә у р е.

Бір кезде мұны шығарған менің олашыл  
Жан достым, менің желбас ғашығым.

Дон Карлос.

Сенің Дон Жуаның — діңсіз, лагнат  
Сен, сен ақмақ.

З ә у р е.

Сен құтырдың ба?  
Испанияның шонжары болсаң да құлдарыма  
Дереу сені бауыздатармын.

Дон Карлос.  
Шақыр оларыңды.

Б і р і н ш і.

Зәуре, қой?

Дон Карлос ашуланба. Ол ұмытып айтты...

З ә у р е.

Немене? Дон Жуан жекпе-жекте оның  
ағасын тазалықпен өлтірген, сонда мұны өлтірмеген екен.

Дон Карлос.

Саған ашуланған мен де ақмақ.

З ә у р е.

Аһа! Ақымақтығыңды мойныңа алдың ба,  
ендеше татуласайық.



Дон Карлос.

Жаздым, Зәуре!

Кеш мені. Бірақ, білдіңіз бе: мен сол

Атты естігенде, шыдай алмаймын...

Зәуре.

Онын аты минут сайын аузыма түсе береді.

Оған мен жазықтымын ба?

Конак.

Ашуланбағаныңды білейік,

Зәуре тағы бірдене айт!

Зәуре.

Ия, той тарқағанда.

Тарқар мезгіл түн бопты. Бірақ енді не айтайын?

Ә! Ал тыңлаңыздар. *(Әндетеді)*.

Бәрі.

Әйбат! Теңсіз!

Зәуре.

Қош болыңыз, мырзалар.

Қонақтар.

Қош, Зәуре.

*(Шығады. Зәуре Дон Карлосты тоқтатады).*

Зәуре.

Сен, қағынды, мұнда қал.

Сен маған ұнап кеттің, сен Дон Жуанды

Есіме түсірдің, тісіңді қайрап, тістеніп,

Маған ұрысқанда.

Дон Карлос.

Бақытты екен!

Сен оны жақсы көріп пе едің?

*(Зәуре «көріп ем» дегендей бас изеді).*

Мейлінше?

Зәуре.

Мейлінше.

Дон Карлос.

Осы күнде де ме?

Зәуре.

Осы минутта ма?

Жоқ, сүймеймін. Мен екі адамды бірден

сүйе алмаймын.

Енді сені жақсы көремін.

Дон Карлос.

Айтшы, Зәуре,  
Нешедесің?

Зәуре.  
Он сегіздемін.

Дон Карлос.

Сондай жасың... әлі де бес, алты жыл жас  
Боласын. Әлі де сенің алты жыл манайыңда  
Үймелеп, еркелетіп, әлпештеп, олар сый беред,  
Түндер бойы тәтті әнмен әлдилейді,  
Қаранғы түнде сен үшін бірін-бірі өлтіред.  
Бірақ, дер шағың сенің өткенде, көзіңнің  
Оты кеткенде, қабағың қатып құрысып,  
Бұрымыңа ақ кіріп, кәрілік келіп жеткенде,  
Кемпір деп саған ат қойып, бәрі де сыртқа  
Тепкенде, сол күнде сен не айтасың?

Зәуре.

Онда ма... ойлап бұған не керек?

Не деген сөз бұл, жарқыным?

Әлде сенін дайым ойың осы ма?

Кел, балконды аш. Көк қалай тымық!

Жылы ауа бұлк етпейді; түннің лимон,

Жалырақ исі аңқиды; кара көк қоңыр

Аспанда ақ күміс ай жарқырайды,

Сақшылар да саңғырап дауысын созады!..

Әлде алыста, түн жақта, кім біледі, Парижде

Аспанды ауыр бұлт құрсап,

Суық жаңбыр жауып тұр, айтпесе жел соғып тұр,

Соқсын бізге не керек? Тыңда мені Дон Карлос

Бір мырс етші, тілеймін. Ә! Солай ма екен!

Дон Карлос.

Әзәзіл сәулем!

*(Есік қағады).*

Дон Жуан.

Әй, Зәуре.

Зәуре.

Кім онда? Бұл кім дауысы?

Дон Жуан.

Аш!

Зәурә.

Нағып!.. Алла-ау!..

*(Есікті ашады, Дон Жуан кіреді).*

Дон Жуан.

Аман ба!

Зәурә.

Дон Жуан.

*(Мойнынан құшақтай алады).*

Дон Карлос.

Не дейді, Дон Жуан!..

Дон Жуан.

Зәурә, сүйкімді досым!.. *(Сүйеді).*

Үйіндегі кім, Зәурешім?

Дон Карлос.

Мен — Дон Карлос.

Дон Жуан.

Міне, қапы кездесу

Мен ертең бар қызметіне әзірмін...

Дон Карлос.

Жоқ, бүгін, қазір.

Зәурә.

Дон Карлос тоқтаңыз! Сіз

Көшеде емес, менің үйімдесіз, шығыңыз үйден.

Дон Карлос *(оны тыңдамай).*

Мен күтіп тұрмын. Ал немене? Сен қылыштысың ғой.

Дон Жуан.

Сен шыдамайтын болсаң, кел.

*(Төбелеседі).*

Зәурә.

Әй-әй, Жоң!..

*(Төсекке атып шығады. Дон Карлос жығылады).*

Дон Жуан.

Тұр, Зәуре, бітті.

Зәуре.

Не айла?

Өлтірдің бе? Жаксы қыпсың! Менің үйімде,  
мен кайтем

Енді, соғылған малғұн?

Оны мен қайда шығарып тастармын?

Дон Жуан.

Мүмкін ол әлі тірі шығар. *(Өлікті айналдырып көреді).*

Зәуре.

Қайдағы тірі! Көр ант!

Тайғызса салдым деймісің — қак жүректен  
кададың ғой.

Үшкіл жарасынан қан да ақпайатыр

Демін де алмайды қалай?

Дон Жуан.

Қайтесің?

Тіленген өзі.

Зәуре.

Ах, Дон Жуан.

Күйініш, шын мәңгі шалдыуарлық!..

Қайткенмен жазықты емессің... қайдан келдің?

Мұнда келгелі көп болды ма?

Дон Жуан.

Келіп тұрғаным осы,

Онда да еппен, маған әлі кешкен жоқ қой.

Зәуре.

Келісіммен Зәурен есіне түсті ме?

Ісің іс-ақ. Ия, қой әрі,

Мен нанбаймын саған, әлде қалай өтіп бара жатып,

Үйді көрдің ғой.

Дон Жуан.

Жок, Зәурешім.

Наибасан, Лафарельден сұра, Мен қала  
Артындағы ант атқан қабақта тұрамын.  
Мен Мадридтен Зәурені іздеп келдім. (Сүйеді).

Зәуре.

Жан досым!..

Тұра тұр!.. өлік жатқанда... оны қалай қыламыз.

Дон Жуан.

Кой оны, таң алдында, ерте  
Ішіме бүркеп, алып шығып,  
Жолдың торабына тастармын.

Зәуре.

Байқа, біреу көріп жүрмесін.  
Қандай жақсы істедің, бір  
Минуттай кеш келіп!  
Менде сенің достарың тамақ ішіп ед.  
Жаңа ғана шыққаны сол еді.  
Әйтпесе сен үстіне келетін ең.

Дон Жуан.

Зәуре, сен оны көптен жақсы көресің бе?

Зәуре.

Кімді сандырақтап тұрсын.

Дон Жуан.

Саған қалқам!

Мен жоқта менің көзіме неше қабат шөп салдың?

Зәуре.

Ал, сен соғылғаншы?

Дон Жуан.

Айта ғой, саған жок, соң сөйлесерміз!..

### III сахна

Камандордың ескерткіші.

Дон Жуан.

Бәрі де жақсылыққа: абайсызда өлтіріп  
Дон Карлосты, мөліген сопы болып,  
Мұнда келіп тығылдым.

Аруым тұл әйелді күнде көрем,  
Мен де оның көзіне түстім білем.  
Бұған шейін тоң анбатпең сыпайысып жүріп ек.  
Бүгін енді оныменен сөйлесем, мезгіл!  
Неден бастасам? «Белді будым...» десем бе, жоқ  
«Жеңеше» деймін бе?... Ә...  
Құнбұрын қамданбай-ақ ойыма не келсе,  
Соны айтам, махаббаттың жырын ойдан ағытам...  
Келер кезі болғандай, ол келмесе,  
Қамандор сағыңатын шығар-ау.  
Қамандор қалай дәудей жасалған! Неткен нық!  
Неткен алып, Геркулес! Марқұм өзі шүкиттей,  
Жадай кісі еді! Аяғының үшімен тұрып қолын созса,  
Мынау тұрған өз мұрнына жетпес еді.  
Ескір жалдың ар жағында  
Кездесіп қылшылдаған қылышыма тап болып,  
Ине шанышқан инедіктей сілейді;  
Ол паң еді, жүректі еді, мінезі де тоң еді...  
Ә! Міне өзі. *(Анна ханым кіреді).*

А н н а х а н ы м.

Ол тағы мұнда, әкей  
Мен сіздің ойыңызды бөлдім бе. ғапу етіңіз.

Д о н Ж у а н.

Сізден ғапу тілеуге мен міндетті.  
Жеңеше. Шеріңізді тарқатуға қымсынбай,  
Әлде мен бөгет болармын.

А н н а х а н ы м.

Жоқ, әкетай, қайғым менім ішімде.  
Жанымда сіз тұрғанда менің дұғам.  
Өрмелеп көкке жетуге мүмкін.  
Әлсіз менің дұғама дауысыңызды қосыңыз  
Сізден соны сұраймын.

Д о н Ж у а н.

Сізбен бірге, Анна ханым, маған, маған ба  
Тілек қосуға!  
Ол құрметке мен өзімді кем көрем.  
Мен күнәлі лебізім мен ізгі тілегімді  
Қайта айтуға қаймығамын, именем:  
Сіз ақырын зияратқа бас иіп,  
Мақпал қара шашыңызбен аялап,

Ақ мәрүәр қабыр тасын жапқанда  
Жасырынып бір періште қабырға  
Бейне келген тәрізді боп көрінед,  
Мен тек сонда анау жерден құлдық қып,  
Сізге карап отырғаным — мәртебе.  
Сонда менің, дүрсіл қағып жүрегім,  
Жалбарынуды, дұғаны да ұмытам.  
Менде үн жоқ, таңданамын, ойлаймын:  
Оның ұжмак деміменеп жылынған  
Махаббатты жасыменен жуылған  
Суық мәрүәр астындағы адамның  
Арманы жоқ, бақытты екен деп, қызғанам.

А н н а х а н ы м.

Неткен жат сөз!

Д о н Ж у а н.

Ханым?

А н н а х а н ы м.

Маған сіз жаңылып...

Д о н Ж у а н.

Не дейсіз? Әлде мен  
Кем-кұр сопы ма? Әлде менің күнәлі үнім мұнда  
Қатты шықпауға тиісті ме?

А н н а х а н ы м.

Мен ойлал ем... мен ұқладым...

Д о н Ж у а н.

Ах, көріп тұрмын: сіз әлі, сіз әлі күнге таныған  
жоқсыз?

А н н а х а н ы м.

Негі танымадым.

Д о н Ж у а н.

Ендеше, мен солы емеспін...  
Аяғыңызды құшып, кешірім тілеймін.

А н н а х а н ы м.

Ой, алла! Тұрыңыз! Сіз кімсіз?

Дон Жуан.

Мен бір сорлы, далбаса нәпсінің құрбаны!

Анна ханым.

Ой, жасаған-ай! Осында, мынау қабыр басында

Кетіңіз аулақ!

Дон Жуан.

Бір минут, Анна ханым

Бір минут.

Анна ханым.

Біреу келіп қалса. Қайтесің...

Дон Жуан.

Шарбак жабулы, бір минут!

Анна ханым.

Ал, немене? Сіз тілейсіз

Дон Жуан.

Ажал тілеймін!

Ой, қазір аяғыңызды құшып өліп-ақ кетейін

Сорлы денем. Осы жерде қалқаңыздың қабырынан  
аулақ жерге

Ақ көмілсін;

Бү жерге емес, жуық емес, әлде қайда алысқа

Әлде анда есік жаққа, қак босаға түбіне;

Бұйра шашты, жасты бірге төгуге,

Мынау тұрған паң қабырға келгенде,

Қанбақ құрлы аяғыңыз, киіміңіз, тым болмаса  
қабыр тасым

Сүйкесін.

Анна ханым.

Сіз есіңізден тандыңыз...

Дон Жуан.

Анна ханым!

Ажал тілеу, есалаңның ісі ме?

Ессіз болсам, тіршілікті тілер ем,

Көңіліңізді жібек махаббатыммен

Жібітем деп мәңгі арсалаң болар ем.



Ессіз болсам, терезеңіз түбінде  
Түнде ән салып, ұйқы маза бермес ем,  
Ессіз болсам, сізден қашып жүрмес ем,  
Көзіңізге түссем деп талпынар ем,  
Ессіз болсам үнсіз, тілсіз тұншығып,  
Жапа шегіп, мұнша азап көрмес ем...

(Дауысын тоқтатады).

А н н а х а н ы м.

Сүйтіп, сіз  
Неге үндемейсіз?

Д о н Ж у а н.

Әлде қалай, Анна ханым. Алла қалай қызып  
Аузымнан шығып кетті. Әйтпесе сіз еш уақытта  
қайғылы  
Менің сырымды білмек емес едіңіз...

А н н а х а н ы м.

Сонымен. Сіз маған көптен ғашықсыз ба?

Д о н Ж у а н.

Көптен бе, жоқ па, өзімдағы білмеймін.  
Тек әйтеуір сізге көңілім кетеді,  
Анық білдім шын өмірдің бағасын,  
Анық ұқтым шын бақыттың мағынасын.

А н н а х а н ы м.

Менен аулақ кетіңіз, сіз қауыпты адамсыз.

Д о н Ж у а н.

Қауыпты, неммен?

А н н а х а н ы м.

Мен тындауға сізді қорқамын.

Д о н Ж у а н.

Олай болса, үндемейін, қояйын,  
Аулақ кет деп қумасаныз болғаны.  
Сіздің қаралдыңызды бір көргенде,  
Сүйінетін мендей сорлы бейбақты.  
Сізден күтер тентек үміт менде жоқ,  
Сізден тілеу кесек тілек менде жоқ.

Тіршілікті тағдыр берді, өлгенше,  
Сізді көрмей, шылауға ерік берген жоқ.

А н н а х а н ы м.

Кетіңіз.

Бұл арада айтылатын орны жоқ...  
Мұндай сөздің, мұндай есалаңдықтың  
Ертең кешке біздің үйге келіңіз,  
Мені құрмет етуге ант берсеңіз,  
Сізді қабыл етем, бірақ кешірек...  
Ерім өліп, жесір болғаннан бері,  
Көзім әлі еш адамды көрген жоқ...

Д о н Ж у а н.

Періште, Анна ханым!  
Мен сорлыны қандай уатсаңыз,  
Тәңірі өзіңізді де сондай уатсын!

А н н а х а н ы м.

Әрі жүріңіз.

Д о н Ж у а н.

Тағы бір минут.

А н н а х а н ы м.

Жоқ, кетпесем, болмас-ты...  
Ойыма дұға қонбас-ты.  
Бұл жалғанның сөзімен  
Ойымды бөліп кеттіңіз,  
Мұндай сөзді құлағым  
Жат көргелі не заман.  
Ертең сізді қош алам.

Д о н Ж у а н.

Әлі де болса, нануға,  
Әлі де бактың буына  
Батуға дәтім бармайды!..  
Шынымен ертең кетем бе!..  
Бұл жерде емес, әшкерә!

А н н а х а н ы м.

Ня, ертең, ертең,  
Сіздің атыңыз кім?

Д о н Ж у а н.

Диаго да калыбеді,

А н н а х а н ы м.

Қош тұрыңыз, Диаго. *(Кетеді.)*

Д о н Ж у а н.

Лафарель!

*(Лафарель кіреді)*

Л а ф а р е л ь.

Не айтасыз?

Д о н Ж у а н.

Лафарель жаным.

Мен бақыттымын! — «Ертең, кешке кешірек!..»

Лафарешім, ертең!.. Әзірле.

Мен жас баладай бақыттымын.

Л а ф а р е л ь.

Анна ханыммен

Сөйлестіңіз бе? Әлде ол кісі екі ауыз

Жылы сөзін айтты ма?

Әлде оған сіз бата бердіңіз бе?

Д о н Ж у а н.

Жоқ, қарағым Лафарель!

Ол маған жолығуға, жолығуға сөз байлады!

Л а ф а р е л ь.

Шын ба?

Әй жесір әйелдер-ай! Бәрің де солсың-ау.

Д о н Ж у а н.

Мен бақыттымын!

Мен ән салуға әзірмін, бар әлемді аймалауға

әзірмін!

Л а ф а р е л ь.

Ал камандорды қайтесін.

Бұл туралы ол не айтар?

Дон Жуан.

Сен оны қызғанад деп ойлайсың ба?  
Қызғанбас, есі бар адам еді ғой,  
Өлгеннен кейін жуасыған да шығар.

Лафарель.

Жок, өзіңіз суретіне қараңызшы.

Дон Жуан.

Несі бар?

Лафарель.

Бізге қарап, ашуланып тұрған жок па?

Дон Жуан.

Баршы, Лафарель  
Маған келсін деп, шақыршы —  
Жок, маған емес, ертең Анна ханымдікіне.

Лафарель.

Суретті қонаққа шақыруға ма, не үшін керек?

Дон Жуан.

Әрине сөйлесу үшін емес.  
Ертең кешке кешірек Анна ханымдікіне  
Келіп есікте күзетіп тұрсын,  
Деп сұрашы суреттен.

Лафарель.

Өлікті талкек еттіңіз-ау!

Дон Жуан.

Бар дедім ғой.

Лафарель, құры.

Бар-а!..

Бар енді.

Лафарель.

Ардақты, көркем сурет!  
Мырзам, Дон Жуан келуіңізді сұрайды...  
Күдай біледі, айта алмаймын, қорқамын,

Дон Жуан.

Өй, қоян, мен дереу сені...

Лафарель.

Рұқсат етініз.

Мырзам, Дон Жуан, ертең сізді  
Кешірек зайыбыңыздың үйіне кеп,  
Есікте тұруыңызды сұрайды...

*(Сурет разылық белгісімен басын изейді.)*

Ойбай!

Дон Жуан.

Не болды?

Лафарель.

Ойпырмай!..

Ойбай-ай!.. Өлдім!

Дон Жуан.

Не болды саған?

Лафарель *(басын изеп)*.

Сурет... Ойбай!..

Дон Жуан.

Сен шұлғып тұрмысың?

Лафарель.

Жок. Мен емес, анау!..

Дон Жуан.

Немене жокты шатасың?

Лафарель.

Өзіңіз келіңізші.

Дон Жуан.

Ал, немене, ант ұрған!

*(Суретке.)* Камандор,

Мен ертең сенің жесір қатыныңдікінде боламын.

*(Келіп.)*

Есік күзетіп тұруыңды сұраймын.

Немене? Келесің бе?

(Сурет басын изейді.)

Ой, алай.

Л а ф а р е л ь.

Қалай? Мен айттым ғой...

Д о н Ж у а н.

Қетелік.

#### IV сахна

Анна ханым бөлмесі

ДОН ЖУАН, АННА ханым

А н н а х а н ы м.

Дон Диаго, қабыл еттім мен сізді  
Бірақ менің мұнды, жүдеу әңгімем  
Ішіңізді пысырар деп қорқамын.  
Мен бір жесір қайғым естен кетпеген  
Күлкі аралас, көзім жасы кеппеген  
Тез құбылған сәуірдегі аспандай,  
Дон Диаго неге үндемей отырсыз?

Д о н Ж у а н.

Үндемей терең рақат табам.  
Бакты өліктің басында емес,  
Тізе бүккен, жасын төккен,  
Тас жарының қасында емес,  
Аяулы, Анна ханымымды  
Оңашада көргеніме,  
Ойға батып ләззат алам.

А н н а х а н ы м.

Дон Диаго сіз қызғаншақ екенсіз!  
Көрде жатқан ерім сізді кинайды.

Д о н Ж у а н.

Мен қалай қызғаңбаймын!  
Оны сіз таңдап тиген соң.

А н н а х а н ы м.

Олай емес,  
Дон Альберге шешем болмай беріп ед.  
Біз жарлы едік, Дон Альбер бай керім ед.

Д о н Ж у а н.

Ырысты екен

Періштеге берген ен дәулеті үшін.

Бейне ұжмақтың бар ләззатін татты-ау ол!

Сізді бұрын білген болсам дүнне-ай!

Бак, дәулетті, бәрін түгел берер ем.

Маған жылы бір қарағаныңызға!

Езгі еркініздің құлы боп жүрер ем!

Өміріңіз жаппай сиқыр болсын деп

Көңліңіз сіздің ғана толсын деп

Алдын ала зауқыңызды үйренер ем!

Аһ, дарига-ай, тағдыр оған жазбады!

А н н а х а н ы м.

Диаго, қойыңызшы сізді тыңдап,

Обал таптым мен, сізді сүйе алмаймын:

Тұл әйел азаға опа ету керек.

Марқұм болған күйеуім — Дон Альберім

Мені қандай сүйгенін білмейсіз ғой!

Мен өліп, ол қаралы қалған болса,

Сүйген әйелді үйіне жолатпас ед,

Өз жарына ол сондай опашыл ед.

Д о н Ж у а н.

Еріңізді үнемі есіңізге алып,

Жүрегімді өртемеңізші ханым!

Өлтіргендей ісім менің бар шығар,

Жетпей ме енді мұнда өлтіргеніңіз.

А н н а х а н ы м.

Неммен сізді өлтірдім?

Ақ некемен ешкімді жұптіленіп,

Басыңыз байланбаған азат шығар?

Менімен тәңірі алдында мені сүйіп

Ақпын деп батыл болып айта аларсыз.

Д о н Ж у а н.

Сіздің алдыңызда алла сақтасын!

А н н а х а н ы м.

Әлде менің алдымда

Айыптысыз ба, айтыңыз, қандай айып?..

Кінә!

Дон Жуан.

Жок, еш!..

Анна ханым.

Диаго бұл жат жұмыс!

Мен сізден сұраймын, мен талап етем...

Дон Жуан.

Жо, жо, жок!

Анна ханым.

Ә! Тілімді осылай алмақ едіңіз бе,

Жаңа маған не айтып едіңіз?

Кұл болмақ едіңіз ғой.

Ашуланам Диаго.

Маған қалай айыптысыз?

Казір жауап беріңіз.

Дон Жуан.

Айта алмаймын.

Онан соң мені жек көресіз.

Анна ханым.

Жо-жок! Мен күн бұрын кештім,

Бірақ білгім келеді.

Дон Жуан.

Ажалдай катер сол сырды

Білем деп тілемесеніз.

Анна ханым.

Катер!.. Мені азапқа салдыңыз.

Таңсыққоймын өлгенше, о не?

Қалай мені қорлайсыз?

Білмеуші ем ғой мен сізді.

Дұспаным жок болған жок,

Тек ерімнің қан ішері болмаса.

Дон Жуан (ішінен).

Күмән ашылғалы келеді!

Айтыңызшы, бақытсыз Дон Жуан

Сізбен таныс емес пе?



Анна ханым.

Жок, тугалы оны көргөм жок.

Дон Жуан.

Сіз оны жаныңыз жек көрө ме?

Анна ханым.

Ар-намысым үшін.

Дон Диаго, сұрағымнан

Бұлтартуға тырыспаңыз —

Маған жауап беріңіз...

Дон Жуан.

Зәуре — Дон Жуан

Жолыға қалса, кайтер едіңіз?

Анна ханым.

Мен онда ол жауыздың

Жүрегіне қанжар сұғып алар едім.

Дон Жуан.

Анна ханым,

Қайда сенің қанжарың? Міне, менің көкірегім.

Анна ханым.

Диаго!

Сізге не болды?

Дон Жуан.

Диаго емес, мен Жуан.

Анна ханым.

Ой, Алла-ай, қой мүмкін емес, нанбаймын...

Дон Жуан.

Мен Дон Жуан.

Анна ханым.

Бекер.

Дон Жуан.

Мен өлтірдім

Байыңды: мен оныма өкінбеймін —

Тәубем де жок ол үшін.

А н н а х а н ы м.

Құлагым нені есітіп тұр? Жоқ, жоқ бекер.

Д о н Ж у а н.

Дон Жуан мен, мен болсам да сені сүйем.

А н н а х а н ы м

(құлып бара жатып).

Мен қайдамын?.. Мен қайда?.. Басым айналып барады!..

Д о н Ж у а н.

Я, тәңірі!

Оған не болды? Не болды саған, Анна ханым?

Оян, оян, сенің Диагон,

Сенің құлын аяғыңда отыр!

А н н а х а н ы м.

Тіме маған. (Өлімсіреп.) Сен, сен менің

Жауым — өмірдегі

Бар, бар қызығымды сен жойдың!..

Д о н Ж у а н.

Қылмысымды жумакқа мен даярмын.

Аяғыңды құшып, тек әмірің күтем:

Бұйыр — өлем, бұйыр — тіршілік етем,

Тіршілігімді арнаймын бір сен үшін!..

А н н а х а н ы м.

Сол Дон Жуан сенбісің?

Д о н Ж у а н.

Дон Жуан қара жүрек, бір қорқау деп,

Шағым тіл сізге деттеп нандырды ма?

Өй, Анна, көптің сөзі алдыма қайып,

Арыған арымды көп басып.

Жанымды ауырлатса, гажап емес,

Бірақ сізді көрдім де, мен өзгердім:

Жана туған баладай мен тазардым!

Сізді сүйдім, мен сүйем жақсылықты —

Алдында жақсылықтың алғашқы рет

Тіземді қалтыраған енді бүктім.

А н н а х а н ы м.

Дон Жуан ділмар деген мен білемін!  
Оның залым екенін естігемін...  
Сіз дінсіз, сіз азғырғыш бейне әзәзіл,  
Сіз бейне ебілес деп, жұрт шуласад.  
Қанша мұңлық әйелді зарлатпадың!

Д о н Ж у а н.

Солардың ешбірінде  
Бүгінгеше сүйген емен.

А н н а х а н ы м.

Дон Жуанның бұл тұңғыш сүйгені деп,  
Мені жана құрбанды кемелі деп,  
Мені нанады екен деп ойлайсыз ба?  
Д о н Ж у а н.

Егер сізді алдаудан ойым болса,  
Есіткенде шошитын атты айтып,  
Мойныма кім екенімді алар ме едім?  
Қорқаулық, ебілістігім қай жерімде?

А н н а х а н ы м.

Кім білед сізді, бірақ сіз бұл араға  
Неғып қорықпай келдіңіз? Біреу білсе,  
Шарасыз өлмегіңіз сүттен ақ қой.

Д о н Ж у а н.

Өлім деген не? Өкпесім өмірім құрбан  
Бір минут кездесудің ләззетіне.

А н н а х а н ы м.

Қалай шығып кетесіз, аңғал жазған?

Д о н Ж у а н (қолын сүйіп).

Сорлы Жуанның өмірі үшін,  
Сіз қайғырып тұрсыз ба!  
Анна ханым, ақ жаныңда  
Маған кегім жоқ деші?

А н н а х а н ы м.

Аһ, дүние-ай!  
Сізді жек көруге мұршам болар ма еді,  
Бірақ енді бізге айырылысу керек.

Дон Жуан.

Енді қашан көрісеміз.

Анна ханым.

Білмеймін,

Бір кезде көрісерміз.

Дон Жуан.

Ертең ше?

Анна ханым.

Қай жерде?

Дон Жуан.

Осында.

Анна ханым.

Ах, Дон Жуан-ай!

Көңілім менің сондай бос!

Дон Жуан.

Кош десудің жолына тату сүйіс...

Анна ханым.

Болар енді бар.

Дон Жуан.

Бір ғана, мұздай тату...

Анна ханым.

Неткен жабысқан едің! Мәссаған...

*(Есік қағады.)*

Бұл не тарсыл!..

Ойбай, тығыл, Дон Жуан!

Дон Жуан.

Сау бол, кош тұр, жан досым.

*(Кетеді де қайта жүгіріп келеді.)*

Аһ!..

А н н а х а н ы м.

Саған не болды, ә?!

*(Камандордың суреті кіріп келеді, Анна ханым құлайды.)*

С у р е т.

Мен шақырғанға келдім.

Д о н Ж у а н.

Ой, аллай, Анна ханым!

С у р е т.

Кой оны,

Бәрі бітті қалтыраймысың, Дон Жуан?

Д о н Ж у а н.

Мен бе? Жоқ... мен шақырып ем сені,  
көргеніме қуанам.

С у р е т.

Қолыңды бер.

Д о н Ж у а н.

Міне, қолым...

Ой, тас қолының қысканы қалай қатты! Қойшы мені,

Жібер, жібер қолымды!

Өліп барам, бітті, ой Анна!..

*(Күрс құлайды.)*

Thank you for evaluating AnyBizSoft PDF Splitter.

A watermark is added at the end of each output PDF file.

To remove the watermark, you need to purchase the software from

<http://www.anypdftools.com/buy/buy-pdf-splitter.html>